

# АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№47  
(917)

Бейсенбі, 26 қараша 2015 жыл

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

Аудандық қоғамдық-саяси газет



Қазақстан Республикасының  
Тұңғыш Президенті күні  
День Первого Президента  
Республики Казахстан

1 ЖЕЛТОҚСАН  
ДЕКАБРЯ

## Құрметті солтүстікқазақстандықтар!

Мемлекеттік мереке – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні құтты болсын!

Осынау шын мәніндегі айрықша мереке халқымыздың топтасқандығымен, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа жоғары сенімін бейнелейді.

Халық таңдауы тәуелсіздігіміздің қалыптасуының барысын айқындап, Қазақстанның өркендеуші мемлекеттің жолымен сеніммен алға басуының берік негізін қалады.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ел басқаруды аса күрделі жағдайда қолға алды. Ол алғашқы күндерден бастап мемлекеттің ең басты негізгі құндылықтары ретінде бүгін де еліміздің берік дамуының негізі болып табылатын бірлікті, тұрақтылық пен келісімді ұсынды.

Тұңғыш Президенттің басшылығымен Қазақстан нық мемлекеттілік пен қуатты экономиканы құруда тамаша табыстарға қол жеткізді.

Мемлекет басшысының күш-жігерінің арқасында бүгінде әлем елімізді ядролық қарудан өз еркімен бас тартқан, халықаралық қауіпсіздікті нығайтудағы сенімді серіктес, жаһандық ықпалдасуды және экономикалық ынтымақтастықты дамыту үдерісіндегі стратегиялық одақтас ретінде танып, құрметтейді.

Ел Президенті кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістікте алғашқы болып мемлекет дамуының 2030 жылға дейінгі ұзақмерзімді стратегиясын ұсынып, ол өзінің негізгі параметрлері бойынша ойдағыдай орындалды.

Осының бәрі – қазіргі заманның дүниежүзі таныған аса көрнекті саясаткері Елбасымыздың кемеңгерлігінің, зор саяси ерік-жігерінің және көрегендігінің айғағы.

Мемлекет басшысының «Қазақстан – 2050» Стратегиясындағы, «Нұрлы Жол» жаңа экономикалық саясатындағы, Бес институттық реформасындағы айқын бағдарлар еліміздің одан әрі табысты дамуының кепілі болатындығына сенімдіміз.

**Қымбатты жерлестер!** Сіздерді Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнімен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға мықты денсаулық, бақыт, құт-береке мен табыс тілеймін!

Ерік СҰЛТАНОВ, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.

## Құрметті айыртаулықтар!

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Құттыққа қызыл белгімен енген 1 желтоқсан – мемлекеттік мерекенің еліміз үшін орны бөлек. Мұндай елеулі күн Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқына және мемлекетіне сіңірген орасан зор еңбегіне деген құрмет болып табылады. Ұлт Көшбасшысының тұрақты және жүйелі негізде атқарып келе жатқан өлшеусіз еңбегінің нәтижесінде Қазақстан серпінді даму жолына түсті.

Тұңғыш Президент – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың көреген саясатының арқасында Тәуелсіз Қазақстан Орта Азия және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы аймағында алғы позицияларға шығып, халықаралық аренада құрметке ие болды.

Қазіргі таңда әлемдік экономика дағдарысының аясында туындайтын кедергілерді алдын ала болжай біліп, Нұрсұлтан Назарбаев еліміздің даму стратегиясына түзетулер енгізіп, «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясаты мен «100 нақты қадам» Ұлттық жоспарын жүзеге асыруға ұсынды. Әр қадамның орындалуы, барлық мемлекеттік салалардың дамуына серпіліс беріп, халықтың ертеңі күнге оптимизм мен толық сенімді сезіндіреді.

Елбасымыз Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев – татулығымыздың, береке-бірлігіміздің, тұрақтылығымыздың кепілі. Оның әр идеясы мен мақсаты қоғамдық санада берік сіңіп, барша қазақстандықтар үшін жалпыұлттық құндылыққа және өмір салтының негізіне айналды.

**Қадірменді айыртаулықтар!**

Сіздерді Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Баршалаңыңызға зор денсаулық, жануяларыңызға амаңдық, сәулелі ғұмыр тілеймін!

Ағзам ТАСТЕМИРОВ, Айыртау ауданының әкімі.

## Ұлт көшбасшысымен – лайықты болашаққа

Кеше Саумалкөл ауылындағы №7 Өрт сөндіру бөлімінде «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Болат Ахметжановтың қатысуымен 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай «Ұлт көшбасшысымен – лайықты болашаққа» тақырыбында дөңгелек үстел болып өтті.

Дөңгелек үстелді ашқан №7 Өрт сөндіру бөлімінің бастығы Алмас Әбілқайыров атаулы күннің ерекше

маңызға ие екендігіне тоқталып өтті.

Арнайы баяндама оқыған Болат Қадырұлы еліміздің 24 жылдық егемендік жолында жеткен жетістіктері мен белестері жайында кеңінен мағлұмат бере отырып, мемлекетіміздің өркендеу сатысындағы Елбасының ерен еңбегін атап өтті. Тәуелсіз мемлекетіміздің жарқын болашағы үшін, қарыштап алға дамуы үшін әрбір қазақстандық тынбай-талмай еңбектеніп, тек биікке ұмтылуы керек екендігін алға тартты.

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА.

## Мереке мезеті

## Аудан ЕҢБЕККЕРЛЕРІ ҚҰРМЕТТЕЛДІ

Өткен аптада аудандық Ақан сері атындағы Мәдениет үйінде Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күніне орай салтанатты жиын болып өтті. Шара ауданымыздың ауыл шаруашылығына байланысты түсірілген қысқа метражды фильм көрсетіледі басталды.

Аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров ауыл шаруашылық саласы қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен және де қол жеткізген табыстарымен құттықтай отырып, алдағы уақытта да табыстан-табысқа жетулеріне тілектестік білдірді.

Сонан соң аудан басшысы облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан зор үлесі үшін және ауыл шаруашылығы қызметкерлері күнін мерекелеуге байланысты Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ерік Сұлтановтың Құрмет грамотасымен және Алхыс хатымен «Баянтай» ЖШС-нің механизаторы Амангелді Әукеовты, «Ратмир» ЖШС-нің басшысы Александр Бурматовты, «Кутузовка-Әліби» ЖШС-нің механизаторы Мұрат Есмағамбетовты және «Жаркые СК» ЖШС-нің механизаторы Арман Бекеновтарды марапаттады. Сонымен қатар 13 қараша күні облыста өткен Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күніне орай өткен салтанатты жиында «Прекрасное» ШҚ-ның басшысы Бақыт Құсайынов, «Жер-Ана» ЖШС-нің басшысы Қанат Ерболов, «Салмар-Агро» ЖШС-нің басшысы Сәлім Байбазаров, «Бабық-Борлық» ЖШС-нің басшысы Сейілбек Махметовтар облыс әкімінің және Ауыл шаруашылығы министрлігінің Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Салтанатты жиында ауданның экономикасына да елеулі үлес қосқан және Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күнін мерекелеуге байланысты аудан әкімінің Құрмет грамоталары «Лобаново» ЖШС-нің басшысы Ермек Қасымғалиевке, «Луч» ШҚ-ның басшысы Михаил Маркграфқа, «Бабық-Борлық» ЖШС-нің агрономдары Алдан Қасымов пен Виктор Пенювтарға табысталса, аудан басшысының Алғыс хаттарымен жеке кәсіпкер Олжабай Мұстафин, «Достық-Дән» ЖШС-нің механизаторы Александр Мальцев, «АгроКом-Мәдениет» ЖШС-нің механизаторы Әуелбек Бадымов, «Исағали» ЖШС-нің бас агрономы Николай Карихтар мара-



патталды.

Салтанатты мерекенің сахна төрінде «Үздік механизатор» - «Кирилловка-Айыртау» ЖШС-нің механизаторы Виталий Гушин, «Үздік комбайнер» - «Бабық-Борлық» ЖШС-нің комбайншысы Евгений Дубейко, «Астық тасымалдаудағы үздік жүргізуші» - «Новосветловка-Әліби» ЖШС-нің жүргізушісі Леонид Гнатюк, «Үздік сауыншы» - «Прекрасное» ШҚ-ның сауыншысы Галина Францтар арнайы дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталса, «Ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізудегі үздік шаруашылық» аталымында «Жаркые СК», «Златогорка», «Новосветловка-Әліби» ЖШС-рі, «Мал шаруашылығын дамыту жөніндегі үздік шаруашылық» аталымында «Восход Имантау» ЖШС-і, «Миллениум» ШҚ және «Арна» ФҚ-ры, «Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу жөніндегі үздік кәсіпорын» аталымында «Гормолзавод», «Айыртау элеваторы», «ХГП Угольный» ЖШС-рі, «Үздік демеуші» аталымында «Всеволодовка-Север», «Кутузовка-Әліби», «Достық» элеваторы, «Жер-ана», «Хайрун Агро» ЖШС-рі

де арнайы дипломдармен және бағалы сыйлықтармен де марапатталды.

Биылғы Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күні мерекесінде аудан басшысы Республикалық ветеринарлық бақылау Комитетінің Құрмет грамотасын және «Еңбек Даңқы» төсбелгісін аудандық ветеринарлық инспекциясының басшысы Бекет Махметовке, «Еңбек Даңқы» төсбелгілерін ауданның ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Едрес Жананинге және Гусаковка ауылдық округінің әкімі Есімжан Таласовтарға табыстады.

Бірқатар ауыл шаруашылығы қызметкерлері де аудан әкімінің ақшалай және заттай бағалы сыйлықтарына ие болды.

Аудан басшысы Ағзам Тастеміров марапатталғандарды айтулы мерекелерімен және марапаттарымен құттықтап сөз тіледі.

Салтанатты жиынның соңы Солтүстік Қазақстан облыстық филармониясы мен ауданымыздың көркемөнерпаздар ұжымының мерекелік концертіне ұласты. **Бағлан ҚОЖАҚОВ.**

## Президент Жолдауы: ел дамуының жаңа кезеңі

## 100 нақты қадам – қарышты даму жолы

«Нұр Отан» партиясының XVI съезінде ұсынған Елбасының бес институттық реформасы – заман талабына бағытталған маңызды құжат екендігі рас. Оның басты бағыты – қоғамдағы заңның үстемдігін арттыру, заманауи мемлекет құру, орнықты экономиканы кездейтін индустрияландыру және экономикалық өсу, болашағы біртұтас ұлт қалыптастыру болып табылады. Осылайша Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев халыққа жолдаған «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында, оның құрамдас бөлігі, заңды жалғасы бес халықтық реформасы мен «100 нақты қадамында» жан-жақты баяндап, қоғам алдындағы жаңа міндеттер мен мақсаттарды нақтылай айқындап берді.



Осы ретте өткен аптаның соңында облыстық ақпараттық-насихат тобының мүшесі, облыстық мәслихаттың депутаты, «Қызылжар-Ақпарат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Кәрібай Мұсырман арнайы Бірлестік ауылында болып, жұршылықпен кездесті. Білім ошағының ғимаратында өткен жиында Кәрібай Иманжанұлы Елбасы ұсынған бес институционалдық реформа ел бірлігін бекемдеп, тұрақтылықты нығыздай түсетіндігін айтып, ондағы әрбір мәселені тереңірек түсіндіріп өтті. Бұл орайда жұмыла жұдырық болып жұмыс жасау – әрбір қазақстандық

азаматтың парызы екендігін де атап өтті. Мұнан соң тұрғындар тарапынан жаңа мектеп салу, көшелерді жарықтандыру, Бірлестік ауылынан округ орталығы Карасевқа баратын 7 шақырымды тура жолдың жөндеуіне көмектесуін етінсе, енді біреулері ауыл ортасындағы су ұңғымасындағы судың лай екенін де тілге тиек етті. Кездесу соңында Кәрібай Иманжанұлы тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелердің шешілуіне барынша атсалысатынын жеткізіп, ауылдықтардың қойылған сауалдарына жауап берді.

**Бағлан КЕНЖЕБАЙҰЛЫ.**  
Суретті түсірген автор.

Табысты жастар

ДОСТЫҚ ДЕП СОҚҚАН ҚОС ЖҮРЕК

Достық – адамзат үшін ең маңызды, ең қажетті де құнды нәрсе. Өйткені ешкім, ешқашанда әлемдегі барлық игілікпен байлыққа ие бола тұрса да, доссыз өмір сүре алмас еді. Досымызды қастерлеп, бағалай білуіміз керек. Досынды жоғалту – өміріңдегі қымбаттыңды жоғалтқанмен бірдей.

Досынды жоғалтқың келмесе, оның жіберген қатесін түсініп, кешіре біл, ұшықтырмай, дер кезінде өшіре біл. Жаңа дос тапқан күнде де бұрынғы досымыздың жүрегіміздің төрінен ерекше орын алатынын ұмытпағанымыз жөн. Арада талай уақыт өтсе де сол доспен өткен бақытты күндер – сүріп өткен өміріміздің қайталанбас тәтті шағы екенін мойындайық. Ол достың орны бөлек, одан қол үзіп, көз жазып қалмайық. Ұмытпай, анда-санда болса да хабарласып тұрсақ – міне, сонда ғана ол досының қаншалықты кеңпейіл жаны жомарт, жанашыр екенін түсінер еді. Достың сырын тек шын дос білер. Кімнің досы жақсы болса, өзі де жақсы. Жақсы киім қашанда бойға жарасар, жақсы досың ойға жарасар. Адам пенде болып жаралған соң, басынан талай-талай жағдай өтер. Міне, сол сәттері нағыз дос деген жан ғана қасыңнан табылар.

Бүгінгі өңгіміздің арқауы – өзімің сүйікті шәкірттерім, кішкентайынан құлын-тайдай тебісіп өсіп келе жатқан екі дос – Қалым Данияр мен Жақсыбаев Қайрат.

Менің олармен таныстығым 2003 жылдың 1-қыркүйегінде басталды. 9 «А» сыныбында оқып жүрген Данияр мен Қайратқа бір-ақ қана жыл сынып жетекшісі болсам да, ұстаз бен шәкірт арасындағы жылы қарым-қатынас осы күнге дейін сақталып келеді. Осындай тамаша қарым-қатынастың үзілмей келе жатқанына, меніңше, қос жүректен шыққан достық мейірбандық пен ұстазға деген ыстық ықылас шарапаты болар.

Шүкірліқауылының тумасы, замандастарымыз Ташанов Мұхтар Қалымұлы мен Жарғайың ауылының аруы Сәпия Жаңалықызының шаңырағында дүниеге келген Данияр мен 1989 жылы жас отау иелері Қайырбек пен Розаның отбасында дүниеге келген Қайрат қазіргі таңда Мәңгілік еліміз – Тәуелсіз Қазақстанымыздың көркейіп, одан ары дамуына үлес қосып келе жатқан жастар, екеуі де жас шаңырақ



Қалым Данияр

иелері: Данияр екі перзентке өке болып отырса, досы Қайраттың отбасында да бір кішкентай қазақстандық өсіп келеді. 1995 жылы Саумалкөл қазақ орта мектебінің табалдырығын алғаш аттаған достар 2004 жылы осы мектептің 9-жылдық негізгі білім беру курсына ойдағыдай аяқтап, бірі – Данияр – Көкшетау қаласындағы экономикалық колледжді 2007 жылы бітіргеннен кейін, 2007-2008 жылдары «БТА Қазақстан» зейнеткерлік қор менеджері қызметін атқарды. 2008-2009 жылдары Отан алдындағы ескери борышын Оңтүстік Қазақстан облысы, Жетісай қаласында атқарып келген Данияр 2013 жылы Алматы қаласындағы экономика және статистика Академиясының Көкшетаудағы филиалын «Экономика және бизнес» мамандығы бойынша бітіріп, 2010-2013 жылдары «МЖЗҚ» зейнеткерлік қор бастығы, 2013-2015 жылдары «Евразия Банкі» Айыртау филиалының несиесі бойынша маманы қызметін абыроймен атқарып шығып, биыл «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Айыртау аудандық филиалының директоры болып тағайындалды.

Саумалкөл қазақ орта мектебінің 9-жылдық негізгі білім беру курсына Даниярмен бірге бітірген Қайрат 2004 жылы Көкшетау қаласындағы «Арна» колледжіне түсіп, оны ойдағыдай аяқтады. 2007 жылы ескер қатарына шақырылған Қайрат Отан алдындағы азаматтық борышын Алматыдағы №7552 әскери бөлімде атқарды.

2009-2012 жылдары ҚР ІІМ ЕС-164/8 бөлімінде, одан кейін Саумалкөл селосындағы «МЖЗҚ» зейнеткерлік қорында қызмет жасаған Қайрат биылғы 2015 жылдан бастап Айыртау аудандық «Евразия Банкі» Айыртау филиалының несиесі бойынша маманы қызметіне тағайындалды.

Мінеки, балалық шақтың балдай тәтті сәттерін бірдей татып, азамат болып қалыптасу кезеңдерінде де жұбын жазбаған асыл достар еліміздің экономикалық даму жолында да бірлесіп отырып, қызмет атқаруда. Бір ғажабы – екеуінің де қызмет орны бір шатырдың астында, бір ғимаратта орналасқан. Достық деп соққан қос жүрек иелері – құрметті менің шәкірттерім – Данияр мен Қайрат екеуінің адал достықтары көпшілікке әдемі үлгі боларына сенімдімін.

Шындығында, достық дегеніміз өміріміздің зор қуаныштарының ең маңыздысы, ол – ойынды бөлісіп, сырласатын жанның ерқашан жанында жүруі.

Ағылшын драматургы Уильям Шекспирдің мына өлең жолдарын сендерге арнап отырмын, аяулы шәкірттерім:

**Не жетеді нағыз досқа, асылға,  
Қуансаң да, қайғырсаң да –  
қасыңда.**

**Қиналады – сен қиналасаң  
болсаңы,  
Ұйықтамасаң – ұйықтамайды  
ол-дағы.**

**Зүбайраш СЕЙІТҚАСЫМ.**

1 желтоқсан – Бүкіләлемдік ЖИТС ауруына қарсы күрес күні

АИТВ туралы не білеміз?

Қазіргі заманда АИТВ мен ЖИТС туралы естімеген адам жоқ шығар. Әрине, адамдардың көбі осы мәселенің оларға ешқандай қатысы жоқ деп ойлайды. Осындай сенімділік негізсіз болмас үшін, өзіңді және жақын адамдарыңды қорғауға мүмкіндік алу үшін бүгінгі, яғни ХХІ ғасырдың АИТВ-жұқпасы бұл не екенін білу қажет.

АИТВ дегеніміз не?

АИТВ (адамның иммунитет тапшылығының вирусы) -адамға ең қауіпті вирустарының бірі. Адам ағзасын жұқпалардан қорғауға арналған иммундық жүйені зақымдайды.

АИТВ жұққанда, бірнеше аптадан кейін аурудың белгілері пайда болады: дене қызуы жоғарылайды, лимфа түйіндері ұлғаяды, тамақ ауырады, теріге қызыл түсті дақтар шығады, іш өтеді. Түсініксіз күй тез арада басылады, ал кейде тіпті белгісіз өтеді.

Бірнеше жыл бойы вирус адамды мазаламай белгісіз күйде өтеді. Бірақ осы кезде ол біртіндеп адамның иммундық жүйесін зақымдайды, негізгі жасушалар-лимфоциттер арқылы таралады. Сырттай АИТВ-жұқпасы тек лимфа түйіндерінің ұлғаюмен көрінеді.

ЖИТС-ты емдейтін дәрі бар ма?

Бүгін АИТВ-жұқпасы бар адамның емдеуісіз өмір сүрудің орта мерзімі – 5-10 жылдай. АИТВ мен ЖИТС-ке қарсы «ғажап» вакцина әлі табылмаса да, осы бағыттағы зерттеулер қарқынды дамуда, әрі сәтті нәтиже беруде. Қазіргі таңда жұқпаның таралуын бәсеңдететін және АИТВ-ның ЖИТС сатысына өтпеуіне жол бермейтін дәрі-дәрмектер бар. 15 жыл бұрын осы дәрі-дәрмектер пайда болған кезде емдеуді бастаған науқастардың көбі, қазірдің өзінде өздерін жақсы сезінеді, отбасын құрып, жұмыс істейді. Дәрігерлер олардың өмір сүру уақыты туралы оң болжам беруде.

АИТВ инфекциясы қалай білінеді?

Иммун тапшылығы вирусы шамамен 3-6 апта ұзақтыққа созылатын инкубациялық кезеңге ие. Бұл уақыт өткеннен кейін 50-70% жағдайда келесідей белгілермен жүретін өткір мазасыздық фазасы басталады:

- дене қызуының көтерілуі (көбінесе кемінде 37,5°С);
- тамақтағы ауыру;
- буындардағы, бұлшық еттердегі ауыру;
- бас ауыруы;
- ұйқышылдық, жалпы әлсіздену, тәбеттің қашуы;
- лимфа түйіндерінің үлкеюі;
- жүрек айну, іш өту, құсу;
- тері бөртпелері, шырыштардың зақымдалуы;
- ұйыма менингит (өте сирек).

Айрықшаланбайтын және 1-2 аптада (өткір мазасыздық фазасы қанша уақыт болатындығы науқастың иммун жағдайына байланысты болады) өтіп кететін АИТВ-инфекциясының алғашқы белгілері мен қарапайым суық тиюді шатастырып алу оңай.

ЖИТС-тың пайда болу белгілері

Ереже бойынша, жұқтырудан соң 1-3 ай өткеннен кейін ағзада АИТВ-ға антиденелер түзіледі, нәтижесінде ауру белгілерсіз болады. Кейде бұл кезең 10 жылға дейін созылуы мүмкін, ал кейбір науқастарда бұл фаза тіптен болмайды.

Көп жағдайда ЖИТС-тың бірінші белгілері өкпенің зақымдалуымен Капош саркомының дамуымен, тері мен шырышты қабықтардың саңырауқұлақты зақымдалуымен, кандидоздармен, пневмоцист пневмониямен және ұзақ мазасыздықпен білінеді.

10% жағдайда АИТВ инфекциясы бірден өтеді де, сәйкесінше, ЖИТС тез байқалады — ереже бойынша жұқтырғаннан кейін бірнеше аптадан соң науқастың жағдайы жылдам нашарлай түседі.

АИТВ-ның берілу жолдары

жыныстық қатынастар кезінде; парентеральды — қанмен және оның компоненттерімен шырышты қабықтың, терінің тұтастығы бұзылған жағдайда;

перинатальды — анадан балаға — босануға дейін, босану кезінде және босанудан кейінгі кезеңдерде.

АИТВ қалай берілмейді?

қол алысқанда; жөтелгенде, түшкіргенде; бассейң, монша, әжетханаға барғанда; жәндіктер шағып алғанда; достық сүйісулер арқылы; ыдыс, киім, төсек әбзелдері арқылы; үй жануарларымен қарым-қатынаста; азық-түлік арқылы.

АИТВ-ның қалай алдын алуға болады?

АИТВ-ның кең таралуына қарамастан, аурудың алдын алуға болады. Сақтану ережелері қарапайым әрі сенімді. Алдын алудың ең маңызды, қарапайым әрі денсаулық үшін ұтымды шараларының бірі жеке басты қорғауға бағытталған шаралар, яғни олар:

салауатты, әдепті өмір сүру; кездейсоқ біреудің шприцін, қайшысың, сақал алғышын және басқа да құрал-жабдықтарын пайдаланбау; қан құйғанда немесе донор қанынан дайындалған препараттар қабылдағанда олардың АИТВ-ке тексерілгеніне көз жеткізу; маникюр, педикюр жасайтын құралдардың стерильдігіне көңіл аудару.

Жұқтырылған ауруды емдеуге қарағанда, АИТВ-ны жұқтырудан сақтану анағұрлым пайдалы екенін есте сақтау қажет. Қорыта айтқанда, салауатты өмір салтын ұстанып, жаман едеттерден сақтанып, әдепті өмір сүріп, отбасы бірлігі берік болса, арақ-шарап ішіп, есірткі тұтынудан аулақ болса, әрбір адам өзін-өзі ЖИТС-нан қорғай алады.

**Динара ӘШКЕЕВА,**  
**Айыртау ОАА дәрігер-эпидемиологы.**

Қоғам және заң

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы Республикамыздың ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтардың бостандығын және құқығын қорғауға бағытталған.

Сыбайлас жемқорлық Қазақстан үшін мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі, оның басымдығы Мемлекет Басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен айқын белгіленді.

Осыған байланысты, Президент өз Жолдауында Қазақстан халқына мемлекеттің басымдылығының бірі ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы шешімді және ымырасыз күресті атап өтті. Сыбайлас жемқорлықтың ең тиімді ұстамдылығы – құқықтық мемлекетті құру жалпы танылған шарт. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік бағдарламасында жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін тежейтін аталған, нарық экономикасының құрылысы, инвестицияны тарту және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарының теріс әсері ел болашағының дамуына кесірін тигізеді.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтарға барлық лауазымдық тұлғалар, Парламент, мәслихат депутаттары, сонымен қатар мемлекеттік атқарымдарды орындауға өкілетті басқа тұлғалар және оларға теңестірілген тұлғаларға жауапкершілік жүктеледі. Осыған байланысты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықбұзушылықтар болып табылатыны сыбайлас жемқорлық үшін құрылған жағдай немесе сыбайлас жемқорлықпен ұштасқан әрекет заңнамамен бекітілген тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Тиімді қарсы әрекетке тек мемлекеттік органдарды ғана емес және қоғамдық институттарды, ең бастысы – азаматтардың күшін біріктіріп қол жеткізуге болады. Тек осылай біз бәсекеге қабілетті мемлекеттердің арасына кіріп, ұлттық идеяны жүзеге асыра аламыз.

Нәтижелерді келтіріп, біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ екенін атап өтеміз.

Жас қазақстандық демократияның азаматтық жауапкершілігін қалыптастыру үшін уақыт және ынталандыру қажет. Заңды сақтамағаннан, заңға мойынсұнушылық өте тиімді болуы керек.

**Диана ҚОЖАТАЕВА,**  
**Айыртау аудандық тұтынушылардың**  
**құқығын қорғау басқармасының**  
**құқық сұрақтар бойынша инспекторы.**

Мектеп өмірінен

Сүйікті ақыны жоқтың рухани жақыны жоқ

**Өстік біздер жаттап дана Абайды,**

**Кердік одан асқақ рухты арайлы.**

**Болмасақ та тырыстық біз ұқсауға,**

**Әркім өзін Махамбет деп санайды.**

**Мағжан, Сәкен жырларына кетер кейде тым дендеп,**

**Мұқағали, Жүмекеннен жырлар оқу ғанибет...**

Бүгінгі жас ұрпақ ғаламтордың арбауына шынжырсыз байланған күнде еліміздің келешекте тұтқасын ұстар азаматтарымыз «кімнен және неден тәрбие алып жатыр?» деген сұрақ туындайды. Өскелең ұрпақтың бойына қазақтың қара өлеңіне, мәңгілік мұрасына деген сүйіспеншілік сезімін ояту мақсатымен Сырымбет орта мектебінің шығармашыл ұстаздары Шынғожин Ж.К., Кен-жегалиева А.О., Сабырова Г.С., Хизир С. ұйымдастыруымен қазақтың қара өлеңін кие тұтқан, жүрегінің түбінен қайнап шыққан асыл жырларымен қалың жұртшылықтың махаббатына бөленген ақиық ақындарымыздың шығармашылығына арналған «Менің сүйікті ақыным – менің жүрегімде» атты әдеби байқау өтіп, жас толқынның шабысын бір байқадық.

Қазақтың бас ақыны Абайдың өлеңдерін Қасым Нұрбол, Хамитов Әлішер, Мағжанның маржан жырларын Ербол Досжан, Баймұқанова Армангүл, Алпысбаева Айым, Олжабай Нұрбол, Қасен Әдемі, Смаилова Дина мәнерлеп



оқыса, көзінің тірісінде-ақ поэзия әлемін дүр сілкіктен өзіндік құбылыс иесі, құдіретті поэзияның тас қалаушысы Мұқағалидың жырларын Баймағамбет Асанәлі, Таубаев Санжар, Бейсен Айсұлу, Алпысбаева Махаббат мәнерлеп оқыды, ақиық ақындығы мен көрегендігі арқасында халқының жүрегінде мәңгі сақталатын Қасым Аманжоловтың өлеңдерін Токушев Руслан, Жалтұрова Меруерт мәнерлеп оқыса, аламан бәйгеде оза шауып, өлең-жырда шашасына шаң жұқтырмаған ерен жүйрік Жұбан Молдағалиевтің өлеңін Олжабай Нұркен, саф алтындай поэзиясы ел мұрасына айналған Әбу Сәрсенбаевтың өлеңін Байман Мирас оқыды. Маман Ементаев, Дулат Бабатайұлы, Александр Пушкиннің асыл жырларын Нұрғали Асылхан, Ивановская Лиана, Сабырова Аружан оқып, жанұшырған ақындар рухы, ойлы жаратылысы оқырман жаны мен жүрегің өткен ғасырлардың өрі мен төрінде тұрып қалай қозғаса, бүгін де солай тербеп, қозғайтындығын дәлелдей түсті.

Қазақ халқының рухани болмысының алтын қазынасына айналған ақындарымыздың шығармашылығымен терең танысып, ұлттық мәдениетіміздің қадір-қасиетін түсініп, әдеби байқауда өздерінің шығармашылық мүмкіндіктерін танытқан Ербол Досжан (I орын – пән мұғалімі Шынғожин Ж.К.), Қасен Әдемі (II орын – пән мұғалімі Сабырова Г.С.), Баймағамбет Асанәлі (III орын – пән мұғалімі Хизир С.) марапатталды. Өзге тілді өз тіліндей құрметтеп, қазақ тілінде Дулат Бабатайұлының толғауынан үзінді оқыған Ивановская Лиана «Тілашар» сөздігімен марапатталып, қазақтың қара өлеңін жан-дүниесімен ұғынып, көрермен жүрегінің түпкіріне жеткізіп, байқауда өлеңді ең әсерлі оқыған Бейсен Айсұлу мадақтама қағазымен марапатталды.

Бүгінде ақындарымыз ортамызда болмағанмен, алып ақындардың өзінің көзіндей көретін мөлдір де сырлы өлеңдері халқынан қалтқысыз бағасын алып, келер ғасырға көруен көшін сенімді түрде ұзатып барады. Олар ұрпақтан-ұрпаққа, дәуірді дәуірге, ғасырды ғасырға жалғар, қазақ өлеңінің өлем алдындағы мерейін үстем етер таңғажайып ұлы жырлар жаратты. Бұл ұлы жырлармен жас ұрпақты сусындатып, ұлтжанды, отансүйгіш ұрпақ тәрбиелеу біздің басты мақсатымыз болып қала бермек!

**Гүлдария САБЫРОВА,**  
**Сырымбет ОМ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.**

## Қайырымдылық

# МЕЙІРІМ ШАПАҒАТЫ

Өткен аптаның соңында Саумалкөл қазақ орта мектебінің оқушылары жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған Айыртау мектеп-интернатында болып, қайырымдылық шара ұйымдастырды.

Мектеп-интернат басшысы Елемес Қалиев екі білім ошағы арасындағы қарым-қатынастың тығыз байланыста екенін айта келе, оқушыларға сәттілік тіледі. Мектебіміздің өзіне-өзі тану пәнінің мұғалімі Алтынай Жаманғаринаның бастамасымен мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтар «Өзін-өзін тану» рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасының негізінде ұйымдастырылған бұл іс-шара қайырымдылық пен мейірімділік сыйлау мақсатында өтті. Осындай ризашылық пен мейірімділікке толы тамаша көздесулер мен игілікті іс-шаралар елімізде бірнеше жылдан бері біздің басты Анамыз Сара Алпысқызы Назарбаеваның бастамасымен өткізіліп келеді. Бұл күндері адамдар бір-біріне қуаныш, шаттық сыйлайды, өз жетістіктерімен бөліседі, бір-біріне алғысын білдіреді.

Баланы жастайынан мейірімділікке, ізгілікке бөлейтін, өрине, ол өскен ортаның жылуы, жайлылығы. Сондықтан адам бойындағы барлық адами құндылықтар мен жарқын мінездердің қалыптасуы тікелей тәрбиеге байланысты екені баршамызға мәлім. Адам бойындағы сондай бір жарқын, ізгіліктің нұры бастау алатын құндылықтардың ең көркемі – мейірімділік. Бұл қасиет адам баласын тек жақсы қырынан көрсетіп, адамгершілікке жатпайтын қылықтардан алшақтатады. Адамзат әрқашан өзін қоршаған жандарға мейірімділік нұрын шаша білгені жөн. Өмірде ізгілікті көргің келсе, алғашқы қадамды өзіңнен бастауды үйренгенің дұрыс болар.

Ризашылық концертін тамашалап отырған балалар жанарынан ризашылық шуағы төгілгендей. Олардың алдында сүйіспеншілікпен өнер көрсетіп тұрған өнерлі өрендеріміздің жүздері де бал-бұл жанып тұр. Күміс көмей әншілеріміз Аяужанның, Алина мен Айғанымның шырқаған әндері, Камиланың оқыған монологу, «Абажур» әдеби-музыкалық тобының биі көрермендерді тез арада баурап алды. 9, 10, 11 сынып оқушылары дайындаған флешмобтарды ерекше қабылдаған залдағы балалардың шаттанған түрлерін көрсендірер ғой! Біздің концерттік бағдарламамыздың соңында өнер көрсеткен Махаббат Телетайқызы жетекшілік ететін мектебіміздің 4-сынып оқушылары Ангелина мен Алмаз осы мектеп-интернат тәрбиеленушілері – екеуі



де ұстаздарын оқудағы жетістіктерімен қуанытып келе жатқан өнерлі жеткіншектер.

Қазақстанның ертеңі осындай жастардың қолында десек, халықтар достығын қадірлейтін, адамзат тыныштығын сақтайтын, мейірімі мол, кең жүректі болашақ иелері де осы балдырғандар. Олардың әрқайсысы жылуымен әлемді жылытқан кішкентай күн іспетті. Тек мейірімді жан ғана табиғатты аялап, қорғай біледі. Мейірімділік сезімі ғана әлсізді күшті, күштіні күдіретті, ал Әлемді таза, жарқын планетаға айналдыра алады. Мейірімділік пен қайырымдылық әр жүрекке болары сөзсіз. Тек осындай жүректер ғана Әлемге тек жақсылық, тыныштық, адамзатқа тән тамаша, позитивті қасиеттер дөнін себеді. Бойымызға аталған адами қасиеттерді сіңіруге ат салысып, еңбек етіп жүрген ұстаздарымызға мың да бір рахмет. Ризашылық концертінің шебер жүргізушілері Дарина мен Айдын көрермендерді ақындарымыздың қайырымдылық, мейірбандық, сыйластық туралы өлеңдерімен таныстырып өтті. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні Айдын оқыған:

**«Сіз» бен «біз» деген жылы сөз жылытады жүректі.**

**Жақсылық билеп, жанды тез оятар игі тілекті.**

**«Сіз» бен «біз» деген жылы сөз жақсылықтың мейірі,**

**Бір-біріне болып кез, кең болсын адам пейілі, –** деген ақын сөздерінде болмақ.

Оқырмандарды қайырымдылық пен мейірімділікке шақыра отырып, осы орайда өз ойымды ұлы Абайдың: «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп», – деген даналық сөзімен аяқтамақпын.

**Зубайраш СЕЙІТҚАСЫМ,**  
**Саумалкөл қазақ орта мектебі.**

## Спорт

# ЕПТІЛІК пен ТАПҚЫРЛЫҚТЫҢ ЖЕҢІСІ

Қараша айының 11 жұлдызында Қызылөскер орта мектебінде «Нұр Отан» партиясының қолдауымен мектеп оқушыларының «Мен – чемпионмын» спорттық ойынының аймақтық кезеңі өтті.



Жарысқа аймағымыздағы Қызылөскер орта мектебінің «Алаш», Карасевка орта мектебінің «Капитошқа», Лавровка орта мектебінің «Созвездие», Заря орта мектебінің «Улыбка», Антоновка орта мектебінің «Спорт» командалары қатысты.

Сайыс басталмас бұрын әр мектептен келген өкілдер мен дене шынықтыру пәні мұғалімдері өзара келісе отырып, үш адамнан тұратын қазылар алқасын сайлап алды. Ойынға Қызылөскер орта мектебі директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Ж. Әшкеев, Антоновка орта мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі С.Н. Пшеничников және Лавровка орта мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Б.Р. Жұмажановтар қазылық етті.

Сайыс алдында барлық қатысушылар мен көрермендер «Алаш» командасының спорт тақырыбындағы флеш-мобын тамашалады.

Сайыс алғашқы туры таныстырудан бастау алды. Та-

\* \* \*

**«Дені саудың тәні сау» -демей ме дана халық. Міне осындай ұстаныммен облыс әкімі, «Нұр Отан» партиясы Солтүстік Қазақстан облыстық филиалының төрағасы Ерік Сұлтановтың бастамасымен жыл сайын оқушылардың күзгі демалысын тиімді, әрі әсерлі де, қызықты өткізу мақсатында партияның негізгі ұстанымдарының бірі салауатты өмір салтын қалыптастырып жеткіншек жас ұрпақтың ден саулығын нығайтып жанына спортты серік ету идеясы негізінде біздің мектебімізде жан алысып, жан беріскен «Мен- чемпионмын» атты спорттық ойыны өтті.**

Бұл жарыс қарашаның 10 күні Златогор орта мектебінде ұйымдастырылды. Жарысқа Златогор, Арықбалық, Мәдениет және Нижнеборлық орта мектептерінің командалары қатысты.

Бұл сайысқа мектептің дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Тынықұлов К.О мен Қалдарбеков Н.Т

ныстыру турының шарты бойынша әрбір команда ортаға шығып, өздерін көрсетіп, топ атауларымен ұрандарымен таныстырды. Жарыс сегіз түрлі тапсырмадан тұрды. Оның ішінде «қаппен секіру», «секіртпемен секіру», «мергендер» секілді ойын түрлері командалар үшін қызықты да, үйреншікті екендігі байқалды. Ал «самокатпен жүгіру», «скейтбордпен жүгіру» дағдылы ойын болмағандықтан кейбір топ мүшелеріне қиындық тудырғандай көрінді.

Десек те, әрбір команда біріміз біріміз үшін, біріміз біріміз үшін дегендей «шабыс», «капитандар сайысы» түрлерінде өздерін көрсете білді. Намысты қолдан бермей, әр топ тек жеңіске жетеміз деп келеді. Сол себепті, төрелік етуді сеніп тапсырған қазылар алқасы әр үш ойынды уақытпен есептеп, қателіктерді ескеріп, нақты қорытынды шығарып, жариялап отырды.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, соңғы шешуші «арқан тартыс» сайысында командалар жігерленіп, өздерінің мықты спортшылар екендіктерін дәлелдеуге тырысты. Бірақ әр сайыстың өз жеңімпазы болуы шарт. Қазылар алқасы барлық ойын қорытындыларының ұпай сандарын біріктіріп, бірауыздан шешім қабылдап, топтарды құттықтап, үздіктерді паш етті. Сонымен сайыс қорытындысы бойынша, бесінші орынды Антоновка мектебінің «Спорт» командасы, төртінші орынды Карасевканың «Капитошқа» командасы, үшінші орынды Лавровкалық «Созвездие» командасы, екінші орынды Заря ауылынан келген «Улыбка» командасы иеленсе, бірінші орынды Қызылөскер мектебінің «Алаш» командасына қанжығаларына байлады.

Айта кету керек, бұл сайысқа Қызылөскер орта мектебі оқушыларының үлкен дайындықпен келгендігі анық көрінді. Бұл арада аталған мектептің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Болат Ноғаевтың еңбегін атап өткеніміз жөн болар.

Сайыстың ережесі бойынша бес команданың жеңгені аудандық турға жолдама алады.

Ендеше топ жарып озып шыққан қызылөскерлік «Алаш» командасына осы жолдама бұйырып отыр. Топ мүшелеріне тек сәттілік тілеп, мектебіміздің атын асқақтата беріндер дегім келеді.

**Алтын ЕРАЛИНА,**

**Қызылөскер ОМ-нің бастауыш сынып мұғалімі.**

жетекшілік етті. Сонымен қатар жарыстың ашылу салтанатын Арықбалық ауылдық округінің әкімі Қалымтай Шарапов ашып, спортшыларға сәттілік пен жеңіс тіледі.

Жарыс 10 түрлі кезеңнен өтті. Әр кезеңнің өз мақсаты мен орындалу шарты түсіндірілді. Жарыс өте тартысты, белсенді өтті. Әр команданың өз атаулары болды. Нәтижесінде Златогор орта мектебінің командасы І орынға қол жеткізсе, арықбалықтықтар жүлделі ІІ орынға ие болды. Ал Мәдениет мектебінің командасы ІІІ орынды місе тұтты.

Осы спорттық іс –шараның өтуіне демеушілік көрсеткен «Златогор» ЖШС-і фирмасының басшысы Хамит Шуматовқа алғысшылық білдіреміз.

Аудандық кезеңіне жолдама алған мектебіміздің құрама командасына жеңістің биік тұғырынан көрінуіне сәттілік тілейміз!

**Роза ҒАЗИЗ,**

**Златогор ОМ-і директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары.**

## Білім беру

# ҰСТАЗ – МЕКТЕП ТҰЛҒАСЫ, ШӨКІРТ – ОНЫҢ ЖАЛҒАСЫ

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер бүгінгі мектеп оқушыларын мұғалімдер қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады», –деген еді.

Иә, бұл сөздер де қарапайым мектеп мұғалімдеріне бүтін бір елдің болашағына жол салар, жас ұрпағын нұрлы аспанға көз тіктіріп, ұлы арманға қанаттандырыр құдірет иесіне деген үлкен сенім, жауапкершілік жатыр.



Білім беру кеңістігінде осындай сенімнің үдесінен шығар, жауапкершілікті сезінетін тәжірибелі де білімді, өз мамандығының хас шеберлері жетерлік. Қ.Д. Ушинскийдің «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады» деген сөзін басшылыққа алатын, ол – ұрпақ тәрбиесіне зор үлес қосып жүрген білімі мен біліктілігі мол ұстаздарымыз да баршылық. Педагогика шеберлік орталығы мен Кембридж бағдарламасын меңгерген мұғалімдер мектеп бойынша ғана емес аймақтық мектептер арасында ынтымақтастық желілік қауымдастық орнату мақсатында құрылған «Шұғыла» аймақтық желілік қауымдастығының жетекшісі ретінде Жанар Құсайынова жүйелі нәтижелі жұмыстардың жүргізілуіне мұрындық болуда. Ұстаз жетістігі, өрине, шөкірт арқылы көрінеді.

Соның бір айғағы қазан айында Бірлестік орта мектебінде «Метатаным дағдыларын қалыптастырудың тиімді жолдарын қарастыру» тақырыбында өткізген семинарда ұстаздар өз ізденістерінің нәтижесін көрсетуде. Семинарды салтанатты түрде І деңгей бойынша сертификатталған бастауыш сынып мұғалімі Баршын Сеитова ашып, мектептің кәсіби желілік қауымдастығы – оқыту үдерісін жаңартудың маңыздылығына тоқталды. Желілік қоғамдастық мұғалімге не береді? Педагогикалық интернет-қоғамдастықтар жұмысына қатыса отырып, қазіргі адамға қажетті білім, іскерлікті меңгереді, қызықтырған тақырыбы бойынша ең өзекті ақпаратты ала алады. Қоғамдастық мүмкіндіктері де жоқ емес, қоғамдастық оқушылардың оқу үлгеріміне игі ықпал етеді. Басқа әріптестермен біріуге мүмкіндік береді. Сенімділік пен сыйластық қарым-қатынас орнататынын айтып, семинар бағдарламасының мазмұнына тоқталды.

Келесі кезекте ІІ деңгей бойынша сертификатталған қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Алмағұл Белгібаева келген қонақтарға және де тәлім алғушыларға іс-әрекетті зерттеу тандап алынған 3 сыныбында жүргізілді. Осы бағытта сынып жетекшісінің кеңесімен зерттелетін жоғары, орта, төменгі деңгейлі оқушылар анықталды. Іс-әрекетті зерттеу сабағында бақылауға алынған үш оқушы. Lesson Study тәсілі бастапқы кезеңінде үш бақылаушы мұғалімдерді таныстырып өтті, олар Б.С. Күзенбаева, С.Қ. Әпетова. Олар Зсынып жетекшісі Т.Т. Әпетовтің әдебиеттік оқу пәніне М.Мақатаевтың «Үш бақытым» атты ашық сабағына қатысты. Сабақ өте тартымды, әрі қызықты өтті. Сабақ соңында зерттеу жүргізілген 3 оқушыдан сауалнама алынып, талданып, қорытындыланды. Диалогтік оқыту тақырыбында Қызылөскер орта мектебінің ІІ деңгей бойынша сертификатталған биология және химия пәнінің мұғалімі Жұмат Қожахметов коучинг өткізу үшін мұғалімдерді 3 топқа бөліп жүргізді. Мерсердің зерттеуіне сәйкес әңгімелесудің түрлері талқаланды.

Ары қарай мәтіндегі негізгі идеяларды флипчартқа түсіріп, әңгіме-дебат, зерттеушілік әңгіме, кумулятивтік әңгіме барысында 3 топ та постер қорғады. Заря орта мектебінің ІІІ деңгей бойынша сертификатталған математика және физика пәнінің мұғалімі Гүлімжан Шамғунова «Дарынды және талантты балаларды оқыту» тақырыбында қазақ тілінде шеберлік сыныбын өткізді. Рудный орта мектебінің ІІІ деңгей бойынша сертификатталған бастауыш сынып мұғалімі Жайнағұл Қоспанова «Метатаным» тақырыбында шеберлік сыныбын орыс тілінде өткізді. Психологиялық тренинг, конфет ала отырып екі топқа бөлді. Шалқан ертегісін интербелсенді тақтадан көрсетіп, ертегі желісімен бастаған істің бір нәтижеге жеткізу керектігін талдап, постер құрды. Метатаным – өзінің ойлау қабілеттерін, өзін-өзі реттеу мен өзін-өзі бақылауды қалыптастыруға негізделген субъективті ұстанымды дамытуды білім берудің мақсатына айналуға мұрындық болады деген мағлұмат бере, өзінің іс-тәжірибесімен бөлісіп топтарға берілген тапсырмалар арқылы топта өзара талданып, постер қорғалды. Лавровка орта мектебінің І деңгейлі бойынша сертификатталған қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Жанар Құсайынова «SMART бойынша жоспар құрастыру білеміз бе?» атты коучинг өткізді. Көптеген ғалымдардың берген анықтамалары бойынша мақсат дегеніміз – болашақ нәтижені суреттеу, неге қол жеткізу керектігінің бейнесі. Әр топтарға сабақтарға мақсат қою туралы тапсырмалар берілді, уақыт белгіленді. Әр топ тапсырмаларын топпен бірлесе орындап, қорғады. Бұл мақсат тек оқушының атынан қою керектігіне жұмыстар жүргізіліп, ревлексия кезінде қажетті мағлұматты өз қоржындарына салды.

Мәнді терін көл етіп, инемен құдық қазып, ілім іздеген ақылдың асқарынан асып, парасаттың биігін бағындырған «Ақырын жүріп анық басқан, шөкірт тәрбиелеуден жалықпаған ұлы құрметке ие – ұстаздар».

Ендеше осындай семинар алдағы уақыт та көрші мектептерде мұғалімдермен бірлесіп жұмыс жасау әлі де жалғасын табады деген ойдамын. Коучинг шеберлік сыныптарын өткізген мұғалімдерге шығармашылық табыстарға жетіп, бұл ізгілікті іс-шара алдағы уақытта да жалғасын табады деген сенімдемін

**Баршын СЕИТОВА,**

**Бірлестік ОМ-нің бастауыш сынып мұғалімі.**

## Балалар құқығы

# «Бала құқығы» не үшін қажет?

Неге балалардың ерекше құқығы болады, олардың адам және азаматтың әдеттегі құқықтары мен бостандықтарынан өзгешілігі қандай?

Бала құқықтары туралы Конвенцияның 2002 жылдың 8 тамызындағы №345 Заңы. Осы Заң балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елқандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру принциптерінің басымдығына сүйеніп, баланың Қазақстан Республикасының Конституциясында көпілдік берілген негізгі құқықтары мен мүдделерін іске асыруға байланысты туындайтын қатынастарды реттейді. Құқығы бар, яғни Конституция беретін барлық құқықтар мен бостандықтарға ие болу мүмкіншілігі, бұл әр адам және азамат дүниеге келген сәтін бастап ие бола алатын мүмкіншілік. Әрекеттілік (заң жолымен іс-әрекет жасауға құқы бар және әрекетіне, ісіне, қылығына жауаптылық), яғни адам және азаматтың Конституция беретін барлық құқықтар мен бостандықтарында толық көлемде пайдаланып әрекет ету мүмкіншілігі, бұл мүмкіншілікке кәмелетке толғанда, яғни ересек адам санатына ілініп, 18-ге толғанда ие бола аласың. Мемлекет бала құқығы жөнінде заңдар қабылдауы міндетті. Бұл заңдар балалардың еңбекке жарамды азамат қатарына жеткенге дейін қамсыз өсуі үшін барлық қауіп-қатерден қорғап, сақтайды. Ата-ана бала тәрбиелеудің негізгі жауапкершілігін бірге тартады. Ал мемлекет бұл істе оларды барынша қолдап-қуаттауы керек. Сонымен қатар мемлекет Баланы тәрбиелеуде ата-анаға жеткілікті түрде көмек көрсетіп отыруы тиіс.

**Айгүл НҰРТАЗИНА,**

**№2 Саумалкөл МГ- ның әлеуметтік ұстазы.**

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің  
2015 жылғы 29 қазандағы № 42 шешімі  
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің  
2015 жылғы 25 ақпандағы № 9 «Солтүстік Қазақстан облысы  
Айыртау ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы»  
шешіміне өзгерістер енгізу туралы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімі **ШЕШТІ:**  
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 9 «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 3130 болып тіркелген, «Айыртау таңы», «Айыртауские зори» газеттерінде 2015 жылғы 26 наурызда жарияланды) келесі өзгерістер енгізілсін.  
Керсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.  
Осы шешімнің орындалуын бақылау Айыртау ауданы әкімі аппаратының басшысы А.Ә.Фаббасовқа жүктелсін.  
Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он

күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Ағзам ТАСТЕМИРОВ,**  
аудан әкімі.

«КЕЛІСІЛДІ»  
**Е.МЕРҒАСЫМОВ,**  
Солтүстік Қазақстан облысы  
Айыртау аудандық сайлау  
комиссиясының төрағасы  
2015 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Солтүстік Қазақстан облысы нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2015 жылғы 17 қарашадағы №3462 тіркелген.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің  
2015 жылғы « 29 » қазандағы № 42 шешіміне қосымша  
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы бойынша  
сайлау учаскелері

**№ 1 сайлау учаскесі**

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Айыртау ауылы, «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Айыртау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 8715(33)52998; сайлау учаскесінің шекарасы: Айыртау ауылы, «Шалқар-Су» шипажайы.

**№ 2 сайлау учаскесі**

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Орловка ауылы, «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Орловка бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 8(71533)51960; сайлау учаскесінің шекарасы: Орловка ауылы, Қопа ауылы.

**№ 3 сайлау учаскесі**

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Саумалкөл ауылы, Солтүстік Қазақстан облысы Денсаулық сақтау басқармасының Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Айыртау орталық аудандық аурухана-сы» Шаруашылық жұмыс құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының ғимараты, телефон 8715(33)20035 (келісім бойынша); сайлау учаскесінің шекарасы: Саумалкөл ауылы, Молодежная, Дружба, Совхозная, Центральная, Березовая, Хайров көшелері, үйлердің нөмірлері 1, 2, 1а, 2а, 3, 4, Тенистая, Светлая, «Бәйтерек» шағын ауданы.

**№ 4 сайлау учаскесі**

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Воскресеновка ауылы, «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Воскресеновка орталау мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 8715(33)51122; сайлау учаскесінің шекарасы: Воскресеновка ауылы.

**№ 5 сайлау учаскесі**

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Красногорка ауылы, тұрғын үй № 3 пәтер № 8 телефон 8715(33)51540 (келісім бойынша); сайлау учаскесінің шекарасы: Красногорка ауылы, Айыртау психологиялық-неврологиялық интернаты, Галицино ауылы.

**№ 6 сайлау учаскесі**

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Айыртау ауылы, «Көкшетау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі мемлекеттік мекемесінің Айыртау бөлімшесінің ғимараты, телефон 8715(33)52708 (келісім бойынша); сайлау учаскесінің шекарасы: Айыртауское ауылы, Кругловка ауылы.

**№ 7 сайлау учаскесі**

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Елецкое ауылы, «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Елецкий орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 8715(33)29673; сайлау учаскесінің шекарасы: Елецкое ауылы, Колесникова ауылы, Междозерный ауылы.

**№ 8 сайлау учаскесі**

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Саумалкөл ауылы, Ақан – Сері көшесі № 31, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің «Айыртау аудандық Мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ғимараты, телефон 8715(33)21360; сайлау учаскесінің шекарасы: Саумалкөл ауылы, Достық көшесі – үйлердің нөмірі: 1, 3, 5, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 25, 26, 27, 28, 29, 32, 36, 38, 40, 42, 44, 50, Ш.Уәлиханов, Л.Чайкина, Конституция, Кенесары, Ақан- Сері, М.Янко көшелері үйлердің нөмірі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 28, 30, 32, 34, 37, 38, 39, 41, 43, 44, 45, 47, 48, 49, 53, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 113, 114, 115, 117, 119, 121, 123, 125, 126, 127, 129, Орынбай, Учительская, Лермонтов, Некрасов, Матросов, Құсайынов, Ементаев, Көкжетаев, Сыздықов, Жәлпек Батыр, Д. Бедный, Т. Боқанов, М.Горький, Хайыров, Асеев, Жамбыл, Абылай хан көшелері.

**№ 9 сайлау учаскесі**

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Саумалкөл ауылы, МКР, 45 үй, «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «№ 2 Саумалкөл мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 8715(33)27122; сайлау учаскесінің шекарасы: Саумалкөл ауылы, МКР, үйлердің нөмірі 3, 4, 8, 9, 18, 19, 24, 43, 44, 46, 47, 48, 52, 53, 55, 56, 75, 78, Полевая, Гоголь, Скинравев, Әуелбеков, Мұқанов, Губарьков, Степная, Пушкин, Королев көшелері.

**№ 10 сайлау учаскесі**

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Саумалкөл ауылы, Макаренко көшесі, 1 үй, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған

Айыртау мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 8(71533)27521(келісім бойынша); сайлау учаскесінің шекарасы: Саумалкөл ауылы, Панфилов, Мир, Профессиональная, № 11 КТМ, Юбилейная, Новая, Дмитриев, Чепрасов, Зеленая, Литвинов, Чехов, Больничная, Забелин, Өмішев, Макаренко, Ильин, Садовая, М. Янко көшелері, үйлердің нөмірлері 118, 120, 122, 124, 126, 131, 135, 137, 139, 141, 143, 144, 145, 147, 149, 151, 153, 155, 157, 159, 163, 169, 171, 175, 177, 179, 181, 183, 185, 187, 189, 191, 193, 195, Энергетиктер, Лесная көшелері.

**№ 11 сайлау учаскесі**

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Саумалкөл ауылы, Достық көшесі, 65 үй, «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Саумалкөл қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 8715(33)28238; сайлау учаскесінің шекарасы: Саумалкөл ауылы: Достық көшесі, үйлердің нөмірлері 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 66, 68, 72, Строительная, Интернациональная, Элеваторная, Набережная, СГТУ – 4, Железнодорожная, Горем – 22, Приозерная, ДСУ – 75 көшелері.

**№ 12 сайлау учаскесі**

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Новоукраинка ауылы, «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Рудный орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 8715(33)29122; сайлау учаскесінің шекарасы: Новоукраинка ауылы.

**№ 13 сайлау учаскесі**

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Новоукраинка ауылы, әскери бөлімнің ғимараты, телефон 8715(33)20353; сайлау учаскесінің шекарасы: әскери бөлім.

**№ 14 сайлау учаскесі**

